

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Қазақстандықтар инвестициялық портфельді басқарушыларға беру, тұрғын үй жағдайын жақсарту мен емделуге 870 милиард теңге жұмсады

2021 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Зан күшіне еніп, азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмейтін емделуге ақы төлеу және міндепті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін, сондай-ақ, жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін пайдалануға құқығы берілді.

**25 наурыздағы** жағдай бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін уәкілетті операторлардан («Отбасы банк» ТКЖБ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, сондай-ақ, «Altyn Bank» АҚ) **245 264 өтініш** тұсті. Жалпы сомасы **865,3 млрд теңгеден** асатын **168 534 өтініш** орындалды. Салымшылардың арнайы шоттарына келіп түскен төлемдердің орташа сомасы **5,1 млн теңгеден** асады. Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге пайдалану туралы өнірлер бөлінісі бойынша толық ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» - «**Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері**» бөлімінде ұсынылған. Қазақстандықтардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсатта пайдаланатынын [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» - «**Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің мақсаттары бойынша**» бөлімінен білуге болады. Өтініштердің басым бөлігі Алматы қаласы (17,7%), одан кейін Маңғыстау облысы (16,5%) және Нұр-Сұлтан (14,6%) қаласының тұрғындарынан келіп тұсті.

**3314 өтініш** зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану үшін берілген. Оның ішінде **2201 өтініш** орындалып, «Отбасы банк» ТКЖБ» АҚ уәкілетті операторында ашылған салымшылардың арнайы шоттарына **2,1 млрд теңгеден** аса сома аударылды. Қазақстандықтар емделуге орташа есеппен **1 млн теңге** пайдаланады. Өтініштердің басым бөлігі Алматы қаласы (21%), Нұр-Сұлтан қаласы (17,5%) және Караганды облысының (7,8%) тұрғындарынан келіп тұсті. Өзекті статистикамен «Көрсеткіштер» - «**Емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері**» бөлімінде танысуға болады.

**25 наурыздағы** жағдай бойынша БЖЗК-ға зейнетақы жинақтарын зейнетақы портфелін басқарушыға (ИПБ) аудару бойынша **924 өтініш** келіп тұсті.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға аударуға **өтініштердің 39%** астамы Алматы қаласының тұрғындарынан тұсті, одан кейін Нұр-сұлтан қаласы (21,7%) мен Маңғыстау облысының (5,8%) тұрғындары тұр.

Қазіргі сәтте берілген өтініштердің **615-і** орындалып, ИПБ-ға аударылған қаржының жалпы сомасы шамамен **1,5 млрд теңгені** құрады, бұл ретте аударымның орташа сомасы 2,4 млн теңге болды.

130 өтініш өндеуге қабылданды, бұл ретте 179 өтінішті қабылдаудан және (немесе) орындаудан бас тартылды. Бас тартудың негізгі себептері – **өтініште көрсетілген сұрау салынған сома аударуға қолжетімді зейнетақы жинақтарының сомасынан асып тұседі; өтініште көрсетілген сұрау салынған сома өндеуге қабылданған өтініштерді ескере отырып, аударым үшін қолжетімді зейнетақы жинақтарының сомасынан асып тұседі; ИПБ-ға аудару құқығының болмауы** және т. б

Салымшының зейнетақы жинақтары ИПБ басқаруына:

- салымшының БЖЗК-дағы зейнетақы жинақтарының нақты сомасы мен зейнетақы жинақтарының **ен төмен жеткіліктілік шегі** арасындағы айырмадан аспайтын мөлшерде; немесе
- өмір бойғы төлемдерді көздейтін сақтандыру үйымымен зейнетақы **аннуитеті шарты** жасалған жағдайда, салымшының БЖЗК-дағы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығынан аспайтын мөлшерде берілуі мүмкін.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына аудару салымшыдан өтініш түскен күннен кейінгі күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылатын болады. Зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қалады. Ал БЖЗК зейнетақы жинақтарын есепке алуды жалғастырады.

Зейнетақы жинақтарын аудару үшін салымшы БЖЗК-ға өтініш жасауы қажет, оны [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы **жеке кабинет** арқылы немесе БЖЗК-ның кез келген **өңірлік бөлімшесіне** өзі келгенде беруге болады.

Қазіргі уақытта БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт ИПБ-мен шарт жасасты. Олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын зерделеуді [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Қызыметтер» - **«Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына аудару»** бөлімінде жүзеге асыруға болады.

*БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылды 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызыметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшияга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*